

Қазанның жиырма бірі
Д. Дефо «Робинзон Крузо» романынан үзінді

Сөздікпен жұмыс.

Арал - остров

Тағдыр – судьба

Қол үзу – прервать

Қайғыға ұшырау – горевать, постигло горье

Ажал – смерть

Кеменің шөгуі – кораблекрушение

А) 1-тапсырма . Тыңдалым. Оқылым. Сұрақтарға жауап беру

- Ағылшын жазушысы Даниэл Дефо «Робинзон Крузо» деп аталатын жалғыз романымен әлемге әйгілі болды. Д.Дефо адам аяғы баспаған аралда жалғыз өзі өмір сүрген адамның тіршілігі туралы жазады. Робинзон Крузо өмір сүру үшін неше түрлі айла жасайды.

- Кеме теңізде апатқа ұшырап, Робинзон Крузо жалғыз өзі белгісіз аралда қалады. Сол аралда 28 жыл бойы жалғыз болады.

- Даниэл Дефоның «Робинзон Крузо» романы әлем әдебиетінің ең озық үлгілерінің біріне айналды.

- *Сіз автордың орнында болсаңыз романды қалай аяқтар едіңіз?*
- *Робинзон Крузо орнында болсаңыз 28жыл аралда шыдай алар ма едіңіз?*
- *Қазіргі заманда белгісіз аралда өмір сүру жолдарын ұсына аласыз ба?*

Тыңдалым Оқылым

Ә) 5-тапсырма Тыңда. Мәтінді оқы

Тағдыр мені көз көріп, құлақ естімеген, адам жүрмеген түкпірдегі бір аралға әкеліп тастады. Құтыламын деген сенім жоқ.

Мен дүниеден қол үзіп, айдалада қалдым. Арылмас қайғыға ұшырадым.

Мен бүкіл адамзат баласынан алыс қалдым. Мен қоғамнан қуылған жәндікпін.

Менің киім-кешегім аз. Біраз уақыт өткен соң киетін киімім де қалмайды.

Мен аңнан, адамнан қалай сақтанамын? Менде сақтанатын қару жоқ. Менімен сөйлесетін және маған ақыл айтатын, жұбататын ешкім жоқ.

Бірақ барлық жолдастарым бәрі суға кетіп, апат болғанда, мен тірі қалдым.

Тек мен ғана кемедегі бүкіл адамнан бөлініп жалғыз қалдым. Ажал тек мені есіркеді. Мені ажалдан құтқарған нәрсе, мүмкін бұдан да құтқарар.

Бірақ мен аштан өлген жоқпын. Адам баласы тамақ таба алмайтын, ел жоқ, күн жоқ жапан далада өмір сүріп отырмын.

Бірақ мен киімсіз өмір сүретін жерде тұрамын.

Мен тұрған аралда Африканың аралдарындағыдай адам жоқ. Өлі күнге дейін жыртқыш аңдар кездескен жоқ. Егер Африканың аралдарының бірінде қалсам қайтер едім?

Бірақ құдайдың құдыреті шөккен кемені жиекке жақындатып әкелді. Кемеден өзіме күнделікті керекті заттарды алып үлгердім. Өле-өлгенше тамақ тауып ішуіме болатындай мүмкіндік берді.

Дүние жүзінде адам баласының мұнан артық жағдайға тап болуы екіталай. Бірақ мұнда тұрмыстың жаман жағы ғана емес, жақсы жағы да бар.

Аралдағы тұрмысыма үйрене бастадым. Бұрын мен минут сайын кеме көріне ме деп теңізге қарайтынмын. Енді үмітімнен күдер үздім. Өз тіршілігімді жеңілдетуге жағдай туғыздым.

Б) 6-тапсырма Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын көрсетіндер. Мағынасын түсіндір.

Үлгі: *Арал*

Адам жүрмеген түкпірдегі бір аралға әкеліп тастады

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>
<i>Мәтінді оқиды</i>	1. Мәтінді оқыды <i>1ұпай</i>
<i>Жаңа сөздерді тауып , тіркескен сөзді жаза алады</i>	2. Жаңа сөздерді дұрыс тапты <i>2ұпай</i>
	3. Тіркесін дұрыс тауып жазды <i>2ұпай</i>

В) Мәтін бойынша кейіпкерге талдау жаса . Кестені толтыр

Кейіпкерді сипатта Р.Крузо қандай адам?	Кейіпкердің іс – әрекетін жаз Робинзон Крузо не істеді?

Кесте бойынша бағалау критерийі

Бағалау критерийі	Дескриптор
Мәтін бойынша кейіпкерге талдау жасай алады	1. Кейіпкерге сипаттама бере алды 2ұпай
	2. Кейіпкердің іс-әрекетін сипаттай алды 3ұпай